



Қазақстан Республикасы Әділет министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 736 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 5 қыркүйекте № 29407 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса берілген Қазақстан Республикасы Әділет министрінің кейбір бұйрықтарына енгізілетін өзгерістер бекітілсін.
2. Зияткерлік меншік құқығы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- 1) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуді;
- 2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Әділет вице-министріне жүктелсін.
4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Әділет министрі

K. Мусин

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар және
аэрогарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасы
Әділет министрі
2022 жылғы 31 тамыздағы
№ 736 Бұйрықпен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізілсін

1. "Апелляциялық кеңестің қарсылықтарды қарау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2018 жылғы 28 тамыздағы № 1317 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17324 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 3-1-бабының 2-тармағына, "Қазақстан Республикасының Патент заңы" Қазақстан

Республикасының Заңының 4-бабының 2-тармағына, "Тауар белгілері, қызмет көрсету белгілері, географиялық нұсқамалар және тауарлар шығарылған жерлердің атаулары туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 3-бабының 2-тармағының 2) тармақшасына және "Интегралдық микросхемалар топологияларын құқықтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 4-бабының 2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

осы бұйрықпен бекітілген Апелляциялық кеңестің қарсылықтарды қарау қағидаларында:

1, 2 және 3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Апелляциялық кеңестің қарсылықтарды қарау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Селекциялық жетістіктер туралы зан), "Қазақстан Республикасының Патент заңы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Патент заңы), "Тауар белгілері, қызмет көрсету белгілері, географиялық нұсқамалар және тауарлар шығарылған жерлердің атаулары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Тауар таңбалары туралы зан) және "Интегралдық микросхемалар топологияларын құқықтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Интегралдық микросхемалары туралы зан) сәйкес әзірленді және қарсылықтарды апелляциялық кеңесте қараудың тәртібін белгілейді.

2. Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) Апелляциялық кеңес – Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің жанындағы алқалы орган;

2) қорғау құжаттары – Қазақстан Республикасының зияткерлік меншік саласындағы зандарына сәйкес берілетін құжаттар (өнертабыстарға патент, өнеркәсіптік үлгілерге, пайдалы модельдерге, тауар таңбаларына, қызмет көрсету таңбаларына, тауар шығарылған жердің атауына күәліктер, селекциялық жетістіктерге патенттер);

3) Мадрид келісімі – 1891 жылғы 14 сәуірдегі Таңбаларды халықаралық тіркеу туралы Мадрид келісімі;

4) Мадрид келісіміне хаттама – 1989 жылғы 28 маусымдағы Таңбаларды халықаралық тіркеу туралы Мадрид келісіміне хаттама;

5) өнеркәсіптік меншік объектілері – өнертабыстар, пайдалы модельдер, өнеркәсіптік үлгілер, тауар таңбалары мен қызмет көрсету таңбалары, тауар шығарылған жердің атаулары, селекциялық жетістіктер;

6) өтініш беруші - Апелляциялық кеңес қарсылық берген тұлға;

7) патенттік сенім білдірілген өкіл – Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын, жоғары білімі, зияткерлік меншік құқықтарын сактау және қорғау саласында кемінде төрт жыл жұмыс тәжірибесі бар немесе патенттік сенім білдірілген

өкілдер палатасында кемінде бір жыл тағылымдамадан өткен, аттестаттаудан өткен және патенттік сенім білдірілген өкілдер тізілімінде тіркелген, әрекетке қабілетті азаматы.

8) сараптама үйымы – "Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Санаткерлік меншік құқығы жөніндегі комитетінің Ұлттық санаткерлік меншік институты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 11 шелдедегі № 756 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның үйимдық-құқықтық нысанында құрылған, өз қызметінде уәкілетті органға ведомстволық бағынысты сараптама үйымы;

9) тараптар – Апелляциялық кеңесте қарсылықтарды қарауға қатысатын жеке және (немесе) заңды тұлғалар;

10) уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі.

3. Апелляциялық кеңеске мынадай:

1) сараптама үйымының тауар белгісін тіркеуден бас тарту, оның ішінде Мадрид келісіміне хаттаманың 5-бабының 1 және 2-тармақтарына сәйкес мәлімделген тауар белгісіне құқықтық қорғауды беруден бас тарту туралы шешімдеріне;

2) сараптама үйымының тауар шығарылған жердің атауын және географиялық нұсқаманы пайдалану құқығын тіркеуден және (немесе) табыстаудан бас тарту туралы шешімдеріне;

3) тауар белгісін, оның ішінде Мадрид келісіміне хаттаманың 5-бабының 6-тармағына сәйкес тіркеуге;

4) тауар шығарылған жердің атауын және географиялық нұсқаманы пайдалану құқығын тіркеуге және (немесе) табыстауға;

5) сараптама үйымының өнертабысқа патент беруден бас тарту туралы шешіміне;

6) сараптама үйымының селекциялық жетістікке патент беруге арналған өтінімді қараудан бас тарту туралы шешімдеріне;

7) сараптама үйымының селекциялық жетістікке патент беруден бас тарту туралы шешімдеріне қарсылықтар беріледі;

8) сараптама үйымының пайдалы модельге патент беруден бас тарту туралы шешіміне;

9) сараптама үйымының өнеркәсіп ұлгісіне патент беруден бас тарту туралы шешіміне;";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Өтініш берушінің, құқық иеленушінің өкілі ретінде патенттік сенім білдірілген өкіл зияткерлік меншік объектілерін құқықтық қорғау мәселелері бойынша уәкілетті

органмен және сараптама үйымымен іс жүргізуге байланысты қызметті жүзеге асырады . Уәкілдегі органмен және сараптама үйымымен іс жүргізу өтініш беруші және (немесе) құқық иеленуші де дербес жүзеге асыра алады.

Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерде тұратын жеке тұлғалар немесе шетелдік заңды тұлғалар уәкілдегі органда және оның үйымдарында өзінің өтініш беруші, тауар белгісінің, қызмет көрсету белгісінің иесі құқықтарын және географиялық нұсқаманы және тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқықтарын, сондай-ақ мүдделі тұлға құқықтарын патенттік сенім білдірілген өкілдер арқылы жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын, бірақ оның шегінен тысқары жерде уақытша жүрген жеке тұлғалар Қазақстан Республикасының шегінде хат алмасу үшін мекенжайын көрсеткен кезде патенттік сенім білдірілген өкілсіз өзінің өтініш беруші, тауар белгісінің, қызмет көрсету белгісінің иесі құқықтарын және географиялық нұсқаманы және тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқықтарын, сондай-ақ мүдделі тұлға құқықтарын жүзеге асыра алады.";

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Осы Қағидалардың 3-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген қарсылықтар Апелляциялық кеңеспен олардың келіп түскен күнінен бастап төрт ай ішінде қаралады.

Осы Қағидалардың 3-тармағының 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген қарсылықтар Апелляциялық кеңеспен олардың келіп түскен күнінен бастап алты ай ішінде қаралады.

Осы Қағидалардың 3-тармағының 5) тармақшасында көрсетілген қарсылықтар Апелляциялық кеңеспен олардың келіп түскен күнінен бастап төрт ай ішінде қаралады.

Осы Қағидалардың 3-тармағының 6) тармақшасында көрсетілген қарсылықтар Апелляциялық кеңеспен олардың келіп түскен күнінен бастап үш ай ішінде қаралады.

Осы Қағидалардың 3-тармағының 7) тармақшада көрсетілген қарсылықтар Апелляциялық кеңеспен олардың келіп түскен күнінен бастап үш ай ішінде қаралады;

Осы Қағидалардың 3-тармағының 8) және 9) тармақшаларында көрсетілген қарсылықтар Апелляциялық кеңеспен олардың келіп түскен күнінен бастап екі ай ішінде қаралады.";

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Селекциялық жетістіктер туралы заңының 22-3-бабының 3-тармағына, Патент заңының 32-2-бабының 3-тармағына және Тауар таңбалары туралы заңының 41-2-бабының 3-тармағына сәйкес қарсылықты қарау мерзімі үш айға дейін, оның ішінде өтініш берушінің жазбаша өтініші бойынша ұзартылады.

Апелляциялық кеңестің отырыстары күндізгі (немесе) және қашықтық форматта өткізіледі.";

19-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"19. Апелляциялық кеңес отырыс өткізілетін күнді мынадай:

1) тараптар, қарсылықты өзінің қатысуының қарау туралы өтінішхатын берген жағдайды қоспағанда, келмеген;

2) өтініш беруші қосымша дәлелдемелерді ұсыну үшін уақыттың қажеттігі туралы өтінішхат берген.";

25-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

25. Қабылданған шешім қарсылықты қарауға қатысқан адамдарға ол шығарылған күннен бастап он жұмыс күні ішінде жіберіледі. Апелляциялық кеңестің шешімі жазбаша нысанда баяндалады және ол кіріспе, сипаттау, уәждеу және қарар бөліктерінен тұрады.

Шешімге апелляциялық кеңестің барлық мүшелері қол қояды".

2. "Тауар белгісін Қазақстан Республикасында жалпыға бірдей белгілі деп тану жөніндегі комиссия туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2018 жылғы 28 тамыздағы № 1318 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17323 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

""Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 3-бабының 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

осы бұйрықпен бекітілген Тауар белгісін Қазақстан Республикасында жалпыға бірдей белгілі деп тану жөніндегі комиссия туралы ережесінде:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Тауар белгісін Қазақстан Республикасында жалпыға бірдей белгілі деп тану жөніндегі комиссия туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) "Тауар белгілері, қызмет көрсету белгілері, географиялық нұсқамалар және тауарлар шығарылған жерлердің атаулары туралы" Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі – Тауар таңбалары туралы заң) 18-1-бабына сәйкес әзірленді.".;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Ережеде мынадай ұғымдар қолданылады:

1) Тауар белгісін Қазақстан Республикасында жалпыға бірдей белгілі деп тану жөніндегі комиссия (бұдан әрі – Комиссия) – Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің алқалы органды;

2) патенттік сенім білдірілген өкіл – Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын, жоғары білімі, зияткерлік меншік құқықтарын сақтау және қорғау саласында кемінде төрт жыл жұмыс тәжірибесі бар немесе патенттік сенім білдірілген өкілдер палатасында кемінде бір жыл тағылымдамадан өткен, атtestаттаудан өткен және патенттік сенім білдірілген өкілдер тізілімінде тіркелген, әрекетке қабілетті азаматы;

3) сараптама ұйымы – "Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Санаткерлік меншік құқығы жөніндегі комитетінің Ұлттық санаткерлік меншік институты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 11 шелдедегі № 756 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, өз қызметінде уәкілетті органға ведомствоның бағынысты сараптама ұйымы;

4) тараптар - тауар белгісін Қазақстан Республикасында жалпыға бірдей белгілі дептану туралы өтініш берген жеке және (немесе) занды тұлғалар, сондай-ақ патенттік сенім білдірілген екілдер;

5) уәкілетті орган - Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі (бұдан әрі – Министрлік).";

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Комиссияның жұмыс органдының функциялары Министрліктің Зияткерлік меншік құқығы департаментінің Өнеркәсіптік меншік басқармасына жүктеледі".

3. "Аттестаттау комиссиясы туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2018 жылғы 28 тамызыдағы № 1319 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17326 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

""Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 3-1-бабының 2-тармағының 2) тармақшасына, "Қазақстан Республикасының Патент заңы" Қазақстан Республикасының Заңының 4-бабының 2-тармағының 2) тармақшасына, "Тауар белгілері, қызмет көрсету белгілері, географиялық нұсқамалар және тауарлар шығарылған жерлердің атаулары туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 3-бабының 2-тармағының 2) тармақшасына және "Интегралдық микросхемалар топологияларын құқықтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 4-бабының 2) тармақшасына сәйкес **БҮЙІРДАМЫҢ:**";

осы бұйрықпен бекітілген Аттестаттау комиссиясы туралы ережесінде:

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Аттестаттау комиссиясы туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) "Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Селекциялық жетістіктер туралы заң), "Қазақстан Республикасының Патент заңы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Патент заңы), "Тауар белгілері, қызмет көрсету белгілері, географиялық нұсқамалар және тауарлар шығарылған жерлердің атаулары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Тауар таңбалары туралы заң) және "Интегралдық микросхемалар топологияларын құқықтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Интегралдық

микросхемалары туралы заң) сәйкес өзірленді және аттестация өткізу бойынша комиссиясының қызметін айқындайды (бұдан әрі – Комиссия).

2. Ережеде мынадай ұғымдар қолданылады:

1) аттестаттау комиссиясы - уәкілетті органның Аттестаттау комиссиясы;

2) сараптама ұйымы – "Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Санаткерлік меншік құқығы жөніндегі комитетінің Ұлттық санаткерлік меншік институты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 11 шелдедегі № 756 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, өз қызметінде уәкілетті органға ведомствоның бағынысты сараптама ұйымы;

3) уәкілетті орган - Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі.;"

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Аттестаттау комиссиясы хаттамалық шешімімен:

1) Патенттік сенім білдірілген өкілдің қызметін:

патенттік сенім білдірілген өкілдің аттестаттау комиссиясына берілген өтініші негізінде;

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес кәсіпкерлік қызметпен айналысуға тыйым салынған адамдарға, уәкілетті органның және оның ведомствоның бағынысты ұйымдарының қызметкерлеріне;

Селекциялық жетістіктер туралы заңның 22-6-бабының 1-тармағында, Патент заңының 36-2-бабының 1-тармағында, Тауар таңбалары туралы заңының 46-2-бабының 1-тармағында, Интегралдық микросхемалары туралы заңның 15-2-бабының 1-тармағында көзделген мән-жайларды анықтау мақсатында тоқтатыла тұрады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда патенттік сенім білдірілген өкілдің қызметі аттестаттау комиссиясы тиісті шешім қабылдағанға дейін үш ай бойы тоқтатыла тұрады.

Патенттік сенім білдірілген өкілдің қызметі оның қызметін тоқтата тұруға себеп болған негіздер жойылған жағдайда, аттестаттау комиссиясының хаттамалық шешімімен қайта басталады.

2) патенттік сенім білдірілген өкілді:

патенттік сенім білдірілген өкілдің аттестаттау комиссиясына берілген жеке өтініші негізінде;

Қазақстан Республикасының азаматтығы тоқтатылған кезде немесе Қазақстан Республикасының шегінен тыс тұрақты тұрғылықты жерге кеткен кезде;

патенттік сенім білдірілген өкілдің кәсіптік қызметінде бес жылдан астам үзіліс болған жағдайда;

патенттік сенім білдірілген өкіл қылмыс жасағаны үшін сottалып, сottың айыптау үкімі күшіне енген кезде;

патенттік сенім білдірілген өкіл қайтыс болған немесе ол хабарсыз кетті деп танылған не қайтыс болды деп жарияланған жағдайда;

патенттік сенім білдірілген өкіл әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылған жағдайда;

жеке және (немесе) заңды тұлғалардың шағымдарын, сондай-ақ патенттік сенім білдірілген өкілдер палатасының ұсынуын қарау нәтижелері бойынша шығарылады.".

4. "Тауар белгілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде айрықша құқықтарды беру, тауар белгісін пайдалануға құқық беру туралы қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2018 жылғы 29 тамыздағы № 1345 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17331 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

""Тауар белгілері, қызмет көрсету белгілері, географиялық нұсқамалар және тауарлар шығарылған жерлердің атаулары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 3 -бабының 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРДАМЫН:**";

осы бұйрықпен бекітілген Тауар белгілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде айрықша құқықтарды беру, тауар белгісін пайдалануға құқық беру туралы қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Тауар белгілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде айрықша құқықтарды беру, тауар белгісін пайдалануға құқық беру туралы қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Тауар белгілері, қызмет көрсету белгілері, географиялық нұсқамалар және тауарлар шығарылған жерлердің атаулары туралы", "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Зандарына (бұдан әрі – Мемқызметтер туралы заң) сәйкес әзірленген және тауар белгілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде айрықша құқықтарды беру, тауар белгісін пайдалануға құқық беру тәртібін белгілейді, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайды.";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Мемлекеттік қызметті алу үшін жеке және (немесе) заңды тұлға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) осы қағиданың 1-қосымшасындағы "Тауар таңбасына, селекциялық жетістікке, өнеркәсіптік меншік объектісіне, сондай-ақ интегралдық микросхема топологиясына айрықша құқықты беруді тіркеу" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінің (бұдан әрі – тізбе) 8-тармағында көрсетілген қосымша құжаттарымен осы қағидалардың 2 және 3-қосымшаларына сәйкес ЭЦК-мен қол қойылған электрондық құжат түріндегі өтініштерді көрсетілетін қызметті берушіге портал арқылы жолдайды.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Мемлекеттік қызмет көрсетеу процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсетеу ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі тізбеде келтірілген.

Төлем қолма-қол ақшасыз аударым тәсілімен көрсетілетін қызметті берушінің "newscab.kazpatent.kz" ақпараттық жүйесімен түйістірілген екінші деңгейлі банктің төлем шлюзі арқылы, осы қағидаларының 4-қосымшасында (бұдан әрі - 4-қосымша) көрсетілген банктік ревизиттер бойынша жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті алушы өтінішті портал арқылы жіберген кезде, мемлекеттік қызмет көрсетуге сұранысты қабылдау күйі автоматты түрде "жеке кабинетте" көрсетіледі.";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Көрсетілетін қызметті беруші Мемқызметтер туралы заңның 5-бабының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетеу сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсетеу мониторингінің ақпараттық жүйесіне ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен енгізуді қамтамасыз етеді.

Осы Қағидаларға өзгерістер немесе (және) толықтырулар енгізу кезінде, уәкілетті орган "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына, Бірыңғай байланыс орталығына, көрсетілген қызметті берушіге тиісті нормативтік құқықтық акт әділет органдарына мемлекеттік тіркелгеннен кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде осындай өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты жібереді".

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Мемлекеттік қызметті алу үшін жеке және (немесе) заңды тұлға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) осы қағидалардың 7-қосымшасындағы "Tauар таңбасын, селекциялық жетістікті, өнеркәсіптік меншік объектісін, сондай-ақ интегралдық микросхеманың топологиясын пайдалану құқығын беруді тіркеу" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінің (бұдан әрі – тізбе) 8-тармағында көрсетілген қосымша құжаттарымен осы қағидалардың 8, 9 және 10-қосымшаларына сәйкес ЭЦҚ-мен қол қойылған электрондық құжат түріндегі өтініштерді көрсетілетін қызметті берушіге портал арқылы жолдайды.";

12-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Мемлекеттік қызмет көрсетеу процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсетеу ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі тізбеде келтірілген.";

1-қосымша осы тізbenің 1-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

2-қосымша осы тізbenің 2-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

3-қосымша осы тізbenің 3-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

5-қосымша осы тізбенің 4-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;
7-қосымша осы тізбенің 5-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;
11-қосымша осы тізбенің 6-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;
12-қосымша осы тізбенің 7-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

Қазақстан Республикасы

Әділет министрінің

кейбір бұйрықтарына

енгізілген өзгерістерге

2022 жылғы 31 тамыздағы

№ 736

1-қосымша

Тауар белгілерін мемлекеттік

тіркеу тізілімінде айрықша

құқықтарды беру, тауар

белгісін пайдалануға құқық

беру туралы қағидаларына

1-қосымша

Нысан

"Тауар таңбасына, селекциялық жетістікке, өнеркәсіптік мешітік объектісіне, сондай-ақ интегралдық микросхема топологиясына айрықша құқықты беруді тіркеу" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Ұлттық зияткерлік мешітік институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – "ҰЗМИ" ШЖҚ РМК).
2	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері	www.egov. kz "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы (бұдан әрі – портал).
3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	10 (он) жұмыс күні
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық (толық автоматтандырылған)
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Тауар белгісіне айрықша құқықты беруді тіркеу немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны – электрондық.
		"Тауар белгілері, қызметті көрсету белгілері, географиялық нұсқамалар және тауарлар шығарылған жерлердің атаулары туралы" Қазақстан Республикасының Заның 3-1

6

Мемлекеттік қызмет көрсетеу кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері

бабының 2-тармағына сәйкес бекітілетін және уәкілдеппі органның adilet.gov.kz және мемлекеттік көрсетілетін қызметті берушінің www.kazpatent.kz ресми сайттарында орналастырылған тауар белгілерін корғау саласындағы қызметтерге және бағаларға сәйкес ақылы негізде көрсетіледі. Төлем қолма-қол ақшасыз аударым тәсілімен көрсетілетін қызметті берушінің "newscab.kazpatent.kz" ақпараттық жүйесімен түйістірілген екінші деңгейлі банктің төлем шлюзі арқылы жүзеге асырылады.

7

Жұмыс кестесі

Көрсетілетін қызметті беруші Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі тұсқі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін жұмыс істейді.

Портал жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы жұмыс істейді (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде, өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсетеу нәтижесін беру Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

- 1) осы қағиданың 2 және З-қосымшаларына сәйкес нысандар бойынша өзгеге беру/ішінара беру шарты бойынша тауар таңбасына айрықша құқықты беруді тіркеу үшін жеке және (немесе) занды тұлғаның электрондық нысандағы өтініштері;
- 2) тауар таңбасын пайдалануға айрықша құқықты беру туралы шарттың электрондық көшірмесі немесе шарттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі

3) ұлттық көрсетілетін қызметті алушы өтініш берген жағдайда, корғау құжаты немесе айрықша құқықтар иесінің басқару органдары немесе

құрылтайшылардың/ акционерлердің жалпы шешімімен шарт жасасу және шартқа кәсіпорын басшысының қол қою өкілеттігін беру мәселесі бойынша шешімінің электрондық көшірмесі;

4) сенімхаттың электрондық көшірмесі егер мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініш өкіл арқылы берілсе.

Төлемді растайтын құжат туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйеден алады.

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер

1) обьектіге айрықша құқыктың тоқтатылған колданылу мерзімін қалпына келтіру мерзімінің аяқталуы;

2) тіркеуге уақытша кедергі келтіретін негіздерді жою үшін мерзімінің өтуі;

3) шарттың тарапы болып табылмайтын тұлғадан тіркеу туралы өтінішті алу;

4) лицензиялық шартты немесе оған қосымша келісімді тіркеудің болмауы;

5) тараптың обьектіні пайдалану құқығын беруге кедергі келтіретін қабылданған міндеттемелердің болуы;

6) тауар таңбасына құқық берілген жағдайда тауарға немесе оны дайындаушыға қатысты жаңылыстыруға;

7) "Дербес деректер және оларды корғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес ұсынылатын көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуға келісімі болмаған жағдайда жол берілмейді.

		Құжаттарды ресімдеуге қойылатын талаптар бұзылған немесе шартты тіркеуге кедергі келтіретін негіздер болған жағдайда, бірақ көрсетілетін қызметті берушімен қалпына келтірлуі мүмкін көрсетілетін қызметті алушыға жіберілген күннен бастап үш ай ішінде болмаған немесе түзетілген құжаттарды ұсынуға не болмаса тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізуге хабарлама жолданады. Бұл жағдайда құжаттарға тексеру жүргізу мерзімі болмаған немесе түзетілген құжаттар ұсынылған күннен бастап есептеледі.
10	Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар	<p>1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсетудің мәртебесі туралы ақпаратты порталдың "жеке кабинеті" арқылы қашықтан қол жеткізу режимінде алуға және бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8-800-080-7777 арқылы алуға мүмкіндігі бар;</p> <p>2) мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша ақпараттық қызметтердің байланыс телефондары уәкілді органның www.adilet.gov.kz және көрсетілетін қызметті берушінің www.kazpate.nt.kz интернет-ресурстарында көрсетілген.</p>

Қазақстан Республикасы

Әділет министрінің

кейбір бүйіркіштерінің

енгізілген өзгерістерге

2-қосымша

Таярап белгілерін мемлекеттік

тіркеу тізілімінде айрықша

құқықтарды беру, таярап белгісін

пайдалануға құқық беру

туралы қағидаларына

2-қосымша

Нысан

Айрықша құқықты басқаға беру шарты бойынша беруді тіркеу туралы ӨТІНІШІ

Осы өтініште көрсетілген қорғау құжатына (қорғау құжаттарына) қатысты айрықша құқықты басқаға беру шарты бойынша беруді тіркеуді сұраймын.

1. Қорғау құжатының (қорғау құжаттарының) атауы (атаулары) мен нөмірі (нөмірлері):

2. Иленуші (жеке тұлғаның Тегі Аты Әкесінің аты (бар болса) (бұдан әрі – Т.А.Ә.) / занды тұлғаның атауы, занды мекенжайы):

3. Құқықтық мирасқор (жеке тұлғаның Т.А.Ә. / занды тұлғаның атауы, занды мекенжайы):

4. Патенттік сенім білдірілген өкіл немесе өтініш берушінің басқа өкілі:

5. Хат алмасу үшін мекенжайы және байланыс телефондары:

6. Өтініш беруші "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес дербес деректерді жинауға және өндөуге келісемін.

Т.А.Ә. _____

Қосымшалар:

Шарт ____ парақта;

Өкілдің өкілеттігін растайтын сенімхат көшірмесі ____ парақта ____ данада;

Көрсетілетін қызметті берушінің қызметі үшін төлемді растайтын құжат;

Басқа құжат (көрсету).

Күні

ЭЦҚ (Т.А.Ә.)

Рөлі

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
кейбір бүйректарына
енгізілген өзгерістерге
3-қосымша

Таяар белгілерін мемлекеттік
тіркеу тізілімінде айрықша
құқықтарды беру, таяар белгісін
пайдалануға құқық беру
туралы қагидаларына
3-қосымша

Нысан

Айрықша құқықты ішінара басқаға беру шарты бойынша беруді тіркеуді туралы ӨТІНІШ

Осы өтініште көрсетілген қорғау құжатына (қорғау құжаттарына) қатысты айрықша құқықты ішінara басқаға беру шарты бойынша беруді тіркеуді сұраймын.

1. Қорғау құжатының (қорғау құжаттарының) атауы (атаулары) мен нөмірі (нөмірлері):

2. Иеленуші (жеке тұлғаның Тегі Аты Әкесінің аты (бар болса) (бұдан әрі – Т.А.Ә.) немесе заңды тұлғаның атауы, заңды мекенжайы):

3. Құқықтық мирасқор (жеке тұлғаның Т.А.Ә. немесе заңды тұлғаның атауы, заңды мекенжайы):

4. Патенттік сенім білдірілген өкіл немесе өтініш берушінің басқа өкілі:

5. Берілетін құқықтардың шартпен көзделген көлемі:

6. Хат алмасу үшін мекенжайы және байланыс телефондары:

7. "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес дербес деректерді жинауға және өндөуге келісемін.

Т.А.Ә. _____

Қосымшалар:

Шарт ____ парақта;

Өкілдің өкілеттігін растайтын сенімхат көшірмесі ____ парақта ____ данада;

Көрсетілетін қызметті берушінің қызметі үшін төлемді растайтын құжат;

Басқа құжат (көрсету).

Күні

ЭЦҚ (Т.А.Ә.)

Рөлі

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің

кейбір бұйрықтарына
енгізілген өзгерістерге

4-қосымша

Тауар белгілерін мемлекеттік
тіркеу тізілімінде айрықша
құқықтарды беру, тауар
белгісін пайдалануға құқық
беру туралы қағидаларына

5-қосымша

Нысан

Шарттың тіркеу нөмірі:

Шартты тіркеу күні:

Патент иеленуші:

Құқықтық мирасқор:

"Тауар таңбасына, селекциялық жетістікке, өнеркәсіптік меншік объектісіне, сондай-ақ интегралдық микросхема топологиясына айрықша құқықты беруді тіркеу" мемлекеттік қызметін көрсету туралы ХАБАРЛАМА

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Ұлттық зияткерлік меншік институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны "Тауар белгілері, қызмет көрсету белгілері, географиялық нұсқамалар және тауарлар шығарылған жерлердің атаулары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының _ бабының _ тармағына сәйкес № _ тауар таңбасына құқықтарды басқаға беру шарты (ішінara) бойынша айрықша құқықты беру Қазақстан Республикасы тауар таңбаларының мемлекеттік тізілімінде тіркелгенін хабарлайды.

(Электрондық цифрлық қолтаңба)

Қазақстан Республикасы
Әділет министрлігінің
кейбір бұйрықтарына
енгізілген өзгерістерге
5-қосымша

Тауар белгілерін мемлекеттік
тіркеу тізілімінде айрықша
құқықтарды беру, тауар
белгісін пайдалануға құқық
беру туралы қағидаларына
7-қосымша

Нысан

"Тауар таңбасын, селекциялық жетістікті, өнеркәсіптік меншік объектісін, сондай-ақ интегралдық микросхеманың топологиясын пайдалану құқығын беруді тіркеу" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Ұлттық зияткерлік меншік институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – "ҰЗМИ" ШЖҚ РМК).
2	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері	www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы (бұдан әрі – портал).
3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	10 (он) жұмыс күні
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық (толық автоматтандырылған)

5	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі	<p>Тауар белгісіне пайдалану құқығын беруді тіркеу туралы хабарламаны жіберу немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны – электрондық.</p>
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	<p>"Тауар белгілері, қызмет көрсету белгілері, географиялық нұскамалар және тауарлар шығарылған жерлердің атаулары туралы" Қазақстан Республикасының Заңның 3-1 бабының 2-тармағына сәйкес бекітіletтін және уәкілетті органның adilet.gov.kz және мемлекеттік көрсетіletтін қызметті берушінің www.kazpatent.kz ресми сайttарында орналастырылған тауар белгілерін көрғау саласындағы қызметтерге және бағаларға сәйкес ақылы негізде көрсетіледі.</p> <p>Төлем қолма-қол ақшасыз аударым тәсілімен көрсетіletтін қызметті берушінің "newscab.kazpatent.kz" ақпараттық жүйесімен түйістірілген екінші деңгейлі банктің төлем шлюзі арқылы, жүзеге асырылады.</p>
7	Жұмыс кестесі	<p>Көрсетіletтін қызметті беруші Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі тұскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін жұмыс істейді.</p> <p>Портал жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы жұмыс істейді (көрсетіletтін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде, өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру Қазақстан</p>

	<p>Республикасының енбек заңнамасына сәйкес келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).</p>
8	<p>Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі</p> <p>1) осы қағидалардың 8, 9 және 10-қосымшаларына сәйкес нысандар бойынша лицензиялық шарт, кешенді қәсіпкерлік лицензия шарттың немесе лицензиялық шарттың электрондық түрдегі талаптарын қамтитын өзге шарт бойынша селекциялық жетістікті пайдалану құқығын беруді тіркеу үшін жеке және (немесе) занды тұлғалардың өтініштері;</p> <p>2) тауар таңбасын пайдалану құқығын беру туралы шарттың электрондық көшірмесі немесе шарттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;</p> <p>3) ұлттық көрсетілетін қызметті алушы өтініш берген жағдайда, корғау құжаты немесе айрықша құқықтар иесінің басқару органдары немесе құрылтайшылардың/ акционерлердің жалпы шешімімен шарт жасасу және шартқа қәсіпорын басшысының қол қою өкілеттігін беру мәселесі бойынша шешімінің электрондық көшірмесі ;</p> <p>4) сенімхаттың электрондық көшірмесі егер мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініш өкіл арқылы берілсе.</p> <p>Төлемді растайтын құжат туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйеден алады.</p>
	<p>1) обьектіге айрықша құқықтың тоқтатылған қолданылу мерзімін қалпына келтіру мерзімінің аяқталуы;</p> <p>2) тіркеуге уақытша кедергі келтіретін негіздерді жою үшін мерзімнің өтуі;</p> <p>3) шарттың тарапы болып табылмайтын тұлғадан тіркеу туралы өтінішті алу;</p>

9

Қазақстан Республикасының
заннамасында белгіленген
мемлекеттік қызмет көрсетуден
бас тарту үшін негіздер

- 4) лицензиялық шартты немесе оған қосымша келісімді тіркеудің болмауы;
- 5) Тараптың обьектіні пайдалану құқығын беруге кедергі келтіретін қабылданған міндеттемелердің болуы;
- 6) тауар таңбасына құқық берілген жағдайда тауарға немесе оны дайындаушыға қатысты жаңылыстыруға жол берілмейді;
- 7) Дербес деректер және оларды корғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес ұсынылатын көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмаған жағдайда жол берілмейді.

Құжаттарды ресімдеуге қойылатын талаптар бұзылған немесе шартты тіркеуге кедергі келтіретін негіздер болған жағдайда, бірақ көрсетілетін қызметті берушімен қалпына келтірлуі мүмкін көрсетілетін қызметті алушыға жіберілген күннен бастап үш ай ішінде болмаған немесе түзетілген құжаттарды ұсынуға не болмаса тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізуге хабарлама жолданады. Бұл жағдайда құжаттарға тексеру жүргізу мерзімі болмаған немесе түзетілген құжаттар ұсынылған күннен бастап есептеледі.

10

Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

- 1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсетудің мәртебесі туралы ақпаратты порталдың "жеке кабинеті" арқылы қашықтан қол жеткізу режимінде алуға және бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8-800-080-7777 арқылы алуға мүмкіндігі бар;
- 2) мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша ақпараттық қызметтердің байланыс телефондары уәкілдепті органның www.adilet.gov.kz және

көрсетілетін қызметті берушінің
www.kazpatent.kz
интернет-ресурстарында
көрсетілген.

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
кейбір бұйрықтарына
енгізілген өзгерістерге
6-қосымша

Тауар белгілерін мемлекеттік
тіркеу тізілімінде айрықша
құқықтарды беру, тауар
белгісін пайдалануға құқық
беру туралы қағидаларына
11-қосымша

Нысан

Шарттың тіркеу нөмірі:

Шартты тіркеу күні:

Лицензиар (Қосалқы лицензиар):

Лицензиат (Қосалқы лицензиат):

**"Тауар таңбасын, селекциялық жетістікті, өнеркәсіптік меншік объектісін, сондай-ақ
интегралдық микросхеманың топологиясын пайдалану құқығын беруді тіркеу" мемлекеттік
қызметтің көрсету туралы ХАБАРЛАМА**

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Ұлттық зияткерлік меншік
институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны
"Тауар белгілері, қызмет көрсету белгілері, географиялық нұсқамалар және тауарлар
шығарылған жерлердің атаулары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының _
бабының _ тармағына сәйкес № _ тауар таңбасын пайдалануға арналған лицензиялық
шарт бойынша айрықша (қосалқы) лицензия беру (бермеу) Қазақстан Республикасы
тауар таңбаларының мемлекеттік тізілімінде тіркелгенін хабарлайды.

(Электрондық цифрлық қолтаңба)

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
кейбір бұйрықтарына
енгізілген өзгерістерге
7-қосымша

Тауар белгілерін мемлекеттік
тіркеу тізілімінде айрықша
құқықтарды беру, тауар
белгісін пайдалануға құқық
беру туралы қағидаларына
12-қосымша

Нысан

Шарттың тіркеу нөмірі:

Шартты тіркеу күні:

Кешенді лицензиар (Қосалқы лицензиар):

Кешенді лицензиат (Қосалқы лицензиат):

"Тауар таңбасын, селекциялық жетістікті, өнеркәсіптік меншік объектісін, сондай-ақ интегралдық микросхеманың топологиясын пайдалану құқығын беруді тіркеу" мемлекеттік қызметтің көрсету туралы ХАБАРЛАМА

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Ұлттық зияткерлік меншік институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны "Тауар белгілері, қызмет көрсету белгілері, географиялық нұсқамалар және тауарлар шығарылған жерлердің атаулары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының _ бабының _ тармағына сәйкес № _ тауар таңбасын (ларды) пайдалануға айрықша лицензия беру (бермеу) туралы кешенді кәсіпкерлік (қосалқы) лицензия шарты Қазақстан Республикасы тауар таңбаларының мемлекеттік тізілімінде тіркелгенін хабарлайды.

(Электрондық цифрлық қолтаңба)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК